

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
ЧФ «Халық»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

4 (404)

JULY-AUGUST 2023

ALMATY, NAS RK

В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными

возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и Wos и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2023

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991–3494
Volume 4. Number 404 (2023), 276-290
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.550>
ӘОЖ 37.013

© **S.ZH. Turikpenova***, **M.N. Ospanbekova**, **A.D. Ryskulbekova**, 2023

I. Altynsarin Arkalyk Pedagogical Institute, Arkalyk, Kazakhstan.

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru

TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS FOR THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS BASED ON ART-TECHNOLOGY

Turikpenova Sandugash Zhumanovna — Candidate of Pedagogical Sciences, *Associate Professor*,
I. Altynsarin Arkalyk Pedagogical Institute, Arkalyk, Kazakhstan

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru. ORCID ID: 0009-0002-3271-0675;

Ospanbekova MeirgulNesipbekovna — PhD, *Associate Professor*, I. Altynsarin Arkalyk
Pedagogical Institute, Arkalyk, Kazakhstan

E-mail: meirgul1976@mail.ru. ORCID ID: 0000-0002-7470-6132;

Ryskulbekova Assima Dauletbekovna — Candidate of Pedagogical Sciences, *Associate Professor*,
I. Altynsarin Arkalyk Pedagogical Institute, Arkalyk, Kazakhstan
E-mail: asima_78kz@mail.ru. ORCID ID: 0000-0001-6337-1608.

Abstract. The article discusses art technologies as a new type of educational technologies used in the training of future teachers. The term «Art technology» is described, the purpose and task are defined. In order to reveal and develop the creative potential of the personality of the future specialist and to understand the significance of the studied scientific facts, objects, phenomena, attention is paid to the theoretical and practical aspects of the application of techniques, methods, forms and means of various types of art used in the educational process. The definitions of scientific and pedagogical technologies based on the integrative use of Art forms in the research of foreign and domestic scientists who have identified the possibilities of Art technology are mentioned. The article considers art technologies as a means of forming the skills and methods of activity and pedagogical culture of a future specialist with training in various types of art aimed at developing the creative potential of students. It represents a set of personal and professional qualities of a future teacher, including a value attitude to students and to oneself, to professional activity that has a personal meaning, the desire for innovative pedagogical activity in compliance with cultural norms of behavior. Also, with the help of art technologies, the ability of each student to work with artistic material, mastering the technologies of artistic methods, studying materials, social, psychological professional adaptation, creative opportunities is determined. Taking this into account, the article suggests using an active form of learning, identifying its features. Gives recommendations on the use of a means of developing creativity in pedagogical activity and focuses on the effectiveness and accuracy of the survey results.

Keywords: art technologies, art pedagogy, art therapy, visual art, collage, quilling, ebru, sand therapy, decoupage

© С.Ж. Турикпенова*, М.Н. Оспанбекова, А.Д. Рыскулбекова, 2023

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,

Арқалық қаласы, Қазақстан.

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ АРТ-ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА ДАЯРЛАУ

Турикпенова Сандугаш Жумановна — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru. ORCID ID: 0009-0002-3271-0675;

Оспанбекова Мейргүл Несипбековна — PhD доктор, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы

Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

E-mail: meirgul1976@mail.ru. ORCID ID: 0000-0002-7470-6132;

Рыскулбекова Асима Даулетбековна — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы.

Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

E-mail: asima_78kz@mail.ru. ORCID ID: 0000-0001-6337-1608.

Аннотация. Мақалада арт-технология болашақ мамандарға білім беруде қолданылатын білім беру технологияларының жаңа түрі ретінде қарастырылады. «Арт-технологиясы» термині сипатталып, мақсаты мен міндеті анықталады. Болашақ маманның жеке басының шығармашылық әлеуетін ашу, дамыту және зерттелетін ғылыми фактілердің, заттардың, құбылыстардың маңыздылығын түсіну мақсатында білім беру үрдісінде қолданылатын әртүрлі өнер түрлерінің тәсілдері, әдістері, формалары мен құралдарын қолданудың теориялық және практикалық аспектілеріне тоқталады. Арт-технологияның мүмкіндіктерін анықтаған шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріндегі өнер түрлерін интегративті қолдануға негізделген ғылыми-педагогикалық технологиялар анықтамалары айтылады. Мақаланың аясында арт-технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеті мен әлеуетін дамытуға бағытталған әртүрлі арт түрлерін оқыта отырып, болашақ маманның іскерліктері, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері және педагогикалық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Ол болашақ мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерінің жиынтығын, оның ішінде оқушыларға және өзіне жеке мағынасы бар кәсіби қызметке құндылық қатынасы, мінез-құлықтың мәдени нормаларын сақтаумен инновациялық педагогикалық қызметке ұмтылуын білдіреді. Сондай-ақ, арт-технология арқылы әр оқушының көркем материалдармен жұмыс істеу қабілеті, көркемдік әдістермен технологияларды игеруі, материалдарды зерттеуі, әлеуметтік, психологиялық кәсіби бейімделуі, шығармашылық мүмкіндіктері анықталады. Осыны ескере отырып, мақалада оқытудың белсенді түрін пайдалануды ұсынады, оның ерекшеліктерін

айқындайды. Шығармашылықтың даму құралын педагогикалық қызметте қолдану және сауалнама нәтижесінің тиімділігі мен дәлдігіне тоқтала отырып, ұсыныстар береді.

Түйін сөздер: арт-технология, арт-педагогика, арт-терапия, визуалды өнер, коллаж, квиллин, эбру, құм терапия, декупаж

© С.Ж. Турикпенова*, М.Н. Оспанбекова, А.Д. Рыскулбекова, 2023

Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарин,
Арқалық, Қазақстан.

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ АРТ-ТЕХНОЛОГИИ

Турикпенова Сандугаш Жумановна — кандидат педагогических наук, доцент, Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

E-mail: Turikpenova_Sandugash@mail.ru. ORCID ID: 0009-0002-3271-0675;

Оспанбекова Мейргүл Несипбековна — PhD, доцент, Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

E-mail: meirgul1976@mail.ru. ORCID ID: 0000-0002-7470-6132;

Рыскулбекова Асима Даулетбековна — кандидат педагогических наук, доцент, Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

E-mail: asima_78kz@mail.ru. ORCID ID: 0000-0001-6337-1608.

Аннотация. В статье рассматриваются арт-технологии как новый тип образовательных технологий, используемых в образовании будущих учителей. Описывается термин «арт-технология», определяется цель и задача. В целях раскрытия, развития творческого потенциала личности будущего специалиста и понимания значимости изучаемых научных фактов, предметов, явлений особое внимание уделяется на теоретические и практические аспекты применения приемов, методов, форм и средств различных видов искусства, используемых в образовательном процессе. Упоминаются определения научно-педагогических технологий, основанных на интегративном использовании видов искусства в исследованиях зарубежных и отечественных ученых, определивших возможности арт-технологии. В рамках статьи рассматривается арт-технологии как средство формирования умений, навыков и способов деятельности и педагогической культуры будущего специалиста с обучением различным видам искусства, направленных на развитие творческого потенциала учащихся. Она представляет собой совокупность личностных и профессиональных качеств будущего учителя, в том числе ценностное отношение к ученикам и к себе, к профессиональной деятельности, имеющей личностный смысл, стремление к инновационной педагогической деятельности с соблюдением культурных норм поведения. Также с помощью арт-технологий определяется способность каждого учащегося работать с художественным материалом,

овладение технологиями художественных методов, изучением материалов, социальной, психологической профессиональной адаптацией, творческими возможностями. Учитывая это, в статье предлагается использовать активную форму обучения, выявляя ее особенности, даны рекомендации по применению средства развития творчества в педагогической деятельности и акцентируется внимание на эффективность и точность результатов анкетирования.

Ключевые слова: арт-технологии, арт-педагогика, арт-терапия, визуальное искусство, коллаж, квиллинг, эбру, песочная терапия, декупаж

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында жаңа кәсіби білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы мен олардың қазіргі талаптарға сай даярлығын білім стандарттарына лайық жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Білім беру жүйесі үнемі қоғамның назарында және мемлекет тарапынан оны жетілдірудің талаптары жылдан жылға күшейе түсуде. Елімізде қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заңның бір бағыты педагогтың қызметіне қойылатын талапты күшейтуге бағытталған. Осы заңда: «Педагогтың басты қызметтері: тәрбиелік, оқыту, дамытушылық, коммуникативтілік, ұйымдастырушылық және түзету», - деп айқын («Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, 2019).

Әр кезең білім беру мекемелеріндегі білім беру және көркемдік-бейнелеу бойынша құжаттардың сапасын да, санын да арттырды. Бұл білім беру зерттеушілерінің осы тақырыпқа деген қызығушылығын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиялары мен инновациялық әдістері дәстүрлі білім берудегі кедергілерді жойып, барлық жерде және қол жетімді технологиялар арқылы сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік берді (González-Zamar, 2020).

Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда арт-технологияны белсенді қолданатын болашақ маман өзінің педагогикалық қызметінде жеке тұлғаға негізделген, коммуникативті бағытталған оқыту деңгейіне ауыса алады және бұл оқу мен тәрбие процестерінің тиімділігін арттырады.

Арт-технологияның негізгі мақсаты — болашақ мұғалімнің ішкі әлемін үйлестіру, оның жеке басын дамыту негізінде білім беру және тәрбие міндеттерін шешуге жағдай жасау. Арт-технологияның міндеттері:

- шығармашылық қабілеттерін өзектендіру және дамыту;
- өзін өзі бағалау мен өзін өзі тануды арттыру;
- эмоционалды-адамгершілік әлеуетті дамыту;
- ішкі және топтық мәселелерді шеше білу дағдысын қалыптастыру;
- эмоцияларды білдіру қабілетін қалыптастыру.

Әдістер мен материалдар

Ғалымдардың пайымдауынша, қазіргі уақытта арт-технологиясы психологиялық денсаулықты сақтау және тұлғаның шығармашылығын дамыту құралы ретінде педагогикалық қызметте жиі қолданылуы және танымал болуы

керек. Отандық зерттеушілер А.К. Мыңбаева мен А. Смайлованың анықтамасы бойынша: арт-технология — бұл адамның өзін-өзі көрсетуі мен дамуына ықпал ететін көркем шығармашылықтың әдістері, тәсілдері мен техникасының жүйесі (Мынбаева және Смайлова, 2015).

Ресей ғылымы мен практикасында арт-технологиялар білім беру процесінде белсенді қолданудың қалыптасу сатысында (Аметова, 2003).

Олар жалпы және қосымша білім беру жүйесінде белсенді дамып, өз орнын алады. Арт-технологиялардың дамуын зерттеушілер: Е.А. Медведева, Л.Д. Лебедева, А.В. Гришина, Э.М. Ахмедова, В.П. Анисимов, И.Ю. Левченко, Л.Н. Комиссарова, Т.А. Добровольская, Т.К. Донская, Н.Ю. Сергеева және басқалар. А.Б. Афанасьева: «Арт-технологиялар — бұл оқушының жеке басына тиімді тәрбиелік әсер ету мақсатында білім беру процесінде әр түрлі өнер түрлерін интегративті қолдануға негізделген ғылыми-педагогикалық технологиялар», деп тұжырымдайды (Афанасьева, 2016).

Ресейлік зерттеуші И.Е. Шкиль: «Арт-технологияны жеке тұлғаны дамыту үшін вербалды емес өнер тілін қолданатын және рухани өмірдің терең аспектілерімен, ойлардан, сезімдерден, қабылдаулардан және өмірлік тәжірибелерден тұратын ішкі шындықпен байланысуға мүмкіндік беретін әдістер ретінде», – деп анықтайды (Шкиль, 2012).

Теорияға сәйкес, арт-технологияны қолданудың негізінде көркем бейнелер жасау адамға өзін түсінуге, өзін білдіруге және сол арқылы эстетикалық талғамын дамытуға көмектеседі.

С.В. Старикова: «Арт-технологиялар педагогикалық мақсатқа жету үшін өнер құралдары мен көркемдік-шығармашылық қызмет әдістерінің жиынтығы», – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, С.В. Старикова олардың дамуының келесі тенденцияларын анықтайды:

1) XX ғасырдың басындағы визуалды өнерден арт-технологиялар мазмұнының эволюциясы («*art*» – ағылшын тіліндегі түпнұсқасы, ең алдымен, бейнелеу өнерін білдіреді; «*artistic performance*» – көркем орындау, «*graphic art*» – арт графика, «*classical art*» – классикалық арт, «*impressionism art*» – арт импрессионизм, «*primitive art*» – арт примитивизм; «*mechanical arts*» – колөнер, сондай ақ «*artschool*» – көркемсурет училищесі, «*artistic education*» – көркемдік білім) арт-технологиялардың мазмұндарына дейін, көркемдік-шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерінің интеграциясына негізделген;

2) XX ғасырдың 30–40 жылдарында арт-педагогиканы педагогикалық практиканың дербес саласына ресімдеу кезінде диагностикалық және психотерапевтикалықтан дамытушы, тәрбиелеуші, компенсаторлық, оңалту, білім беруге дейінгі арт-технологиялар функцияларының кеңеюі орын алды;

3) XX ғасырдың 60–70-ші жылдарында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардан бастап педагогикалық оқу орындары базасында арт-сабақтар өткізуге студенттерді шетелде тәжірибеден өткізуге дейінгі арт-технологияларды қолданудың әлеуметтік салалары мен жас шекаралары кеңейді (Старикова, 2008).

XX ғасырдың 50-ші жылдары Ұлыбритания мен АҚШ-тағы түзету жұмыстарында арт-технологияларды тәуелсіз ағым ретінде қолданды. Арт-технологиялар педагогтардың, өнертанушылар мен психологтардың практикалық жұмыс тәжірибесін жинақтау және рефлексия жасау негізінде пайда болды.

Түзету жұмысындағы тәуелсіз бағыт ретінде арт-технологиялар Ұлыбритания мен АҚШ-та XX ғасырдың ортасынан бастап дами бастады. Олар адам тәжірибесінің алуан түрлілігіне және оны бейнелеу тәсілдеріне, мәдени және кәсіби дискурстың әртүрлі модельдеріне негізделген. Арт-технологиялық әдістер мен тәсілдер салыстырмалы түрде ұсынылады, бірақ арт педагогтарының, өнертанушылар мен психоаналитиктердің тәжірибесін біріктіру нәтижесінде пайда болған жаңа құбылыс (Айтбаева және Қасен, 2016).

Отандық ғалым Р.Сыдықованың зерттеулері бойынша, арт-технологияның мәні – шығармашылық өзін өзі жүзеге асыру құралы және болашақ маманның жеке даму тәсілі ретінде оқу-тәрбие процесінде өнер түрлерінің әртүрлі техникасын қолдану болып табылады (Мынбаева және т.б., 2017).

Болашақ мамандарды арт-технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға даярлауда арт-технологияларын қолданудың теориялық және практикалық аспектілеріне тоқталып кетсек. «Арт-технология» ұғымының мазмұны: «АРТ» – визуалды өнерді, ал «технология» ұғымы бір нәрсені жүзеге асыру мен мақсатқа қол жеткізудің әдіс-тәсілдер жиынтығы деген ұғымғы саяды (Небесаева, 2017).

Арт-технология адамдардың психикалық шиеленісін жеңілдету, тыныштандыру, шоғырлану үшін қолданатын (саналы түрде немесе жоқ) эмоционалды күйді өзгертудің ең көне табиғи түрі болып саналады. Өйткені мінез-құлық пен эмоцияларды бақылау адамдарға шешім қабылдауға, қорытынды жасауға көмектеседі.

Оқытудың арт-технологиясын сабақта заманауи білім беру технологияларын дамытудың екі тенденциясы аясында бірден қолдануға болады: еркін білім беру және өмір процесінде білім беру. Өнер оқушылардың ішкі күштерін қалпына келтіруге, олардың жалпы және интеллектуалдық даму қарқынын қолдауға және тіпті жеделдетуге, эмоционалды жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ақыл-ойы бар адамның рухын, жанын және тұлғасын байланыстыруға қабілетті. Арт-технология белсенділік тәсіліне негізделген және жаңа білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Ол шығармашылыққа, дамуға, өзіне деген сенімділік пен еркіндікке жағдай жасайды. Арт-технология – бұл көркем шығармашылық арқылы зияткерлік қызметті оқыту. Жаңа білім беру тұжырымдамасы оқытуда жүйелі-белсенді тәсілді талап етеді. Заманауи сабақты инновациялық технологияларды енгізбестен елестету мүмкін емес. Бүгінгі күнде мұғалімнің арсеналында бірнеше оқыту технологиялары бар. Технологиялардың алуан түрлілігін меңгере отырып, болашақ мұғалім оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, нақты, белгілі бір

сыныпта білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыруға көмектесетін негізгілерін саралап, таңдайды. Қазіргі уақытта арт-технологиялар білім беру процесінде оқытудың әртүрлі кезеңдерінде жиі қолданылады. Оқушылар сабақ барсында қарым-қатынас жасай алады, бір-біріне көмектеседі, пайымдай алады, ішкі дауысын тыңдай алады және өзін көрсете алады. Арт сабақтарының нұсқалары жанр заңдарына сәйкес болашақ мамандардың оқушылармен әрекет ететін өнердің бір түріне құру; арт элементтерін болашақ мұғалімнің іс-әрекетінің құралы ретінде қосу; оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың тәсілі ретінде әр түрлі жанрлар мен өнер түрлерінің жеке элементтерін қолдану.

Арт-технологияның артықшылықтары — технологияларды қолдану арқылы танымдық белсенділік деңгейін кеңейтуге және тереңдетуге, оқушылардың оқу материалын тереңдетіп, оқуға деген ұмтылысын оятуға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл білім беру және тәрбие процесінің сапасын арттыратын технологиялардың бірі.

Арт-технологияларды қолданудың негізгі міндеті, болашақ маманның шығармашылық әлеуетін тиімді толерантты өзара іс-қимыл элементтерін игеру негізінде дамыту.

Болашақ мамандар педагогикалық және өндірістік тәжірибеден өту барысында арт-технологияларды қолданған сабақтардың дидактикалық артықшылығы бар екендігіне көз жеткізді. Сабақ барысында «мен оны көрдім» қатысуының әсері жасалады. Қызығушылық, көбірек білуге және көруге деген ұмтылыс пайда болды. Болашақ мамандарды арт-технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға даярлау барысында бейнелеу өнері және сызу, көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламаларының студенттері оқушылардың шығармашылық қабілетін арт-технологияларды меңгеру дағдыларын қалыптастыру бойынша практикалық құзыреттіліктерді игеруді белсенді қолданды. Олар: бейнелеу терапиясы (бейнелеу шығармашылығымен терапия: сурет салу, мүсіндеу, сәндік-қолданбалы өнер және т.б.), коллаж, квиллинг, құм терапиясы, эбру, декупаж техникасы болып табылады.

Бірінші сабақ арт-технологиясының бір түрі — коллаж техникасын қолдану. Коллаж жасау механизміне тоқталатын болсақ, сабақ барысында қатысушылар бір-бірінің жұмысын толықтыра отырып, жеке коллаждар жасайды. Топтық жұмыс жасау барысында әр оқушы өзінің бастаған коллажын сол жағында отырған көршісіне береді, содан кейін толықтырудан шеңбер бойымен қайтадан береді. Коллаждар толық шеңберден өткеннен кейін өз жұмыстарын топтың барлық мүшелері қосқан үлестерімен толықтырылады. Коллаж жасау тапсырмасын құлықсыз орындауға кіріскен оқушылар да біртіндеп процеске араласып, одан ләззат ала бастайды.

Коллаждау — кез-келген визуалды техника сияқты, оқушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді, үлкен еркіндік дәрежесін болжайды, жеке тұлғамен жұмыс істеудің ауыртпалықсыз әдісі болып табылады,

шығармашылық процесіне байланысты жағымды эмоционалды тәжірибелерге сүйенеді. Сонымен қатар, коллаж жасау кезінде оқушылардың көркемдік қабілеттерінің болмауына байланысты шиеленіс болмайды, бұл әдіс барлығына сәтті нәтиже алуға, көркемдік қабілеттерін дамытуға және өзін-өзі бағалауды арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші квиллинг (қағазды айналдыру, англ. *quilling, om quill* (құс қауырсыны) — спиральға айналдыру арқылы тар және ұзын қағаз жолақтарынан көркем композициялар жасаудың қолөнер өнері (Қасен, 2016).

XIV ғасырда Еуропада қағазды құстың қауырсынының ұшымен бұрап, шиыршықтап әртүрлі әсем бұйымдар жасаған. Квиллинг бірінші Еуропада кейінен бүкіл әлемге тараған. Орыс тілінде квиллинг «бумаго кручение», ал қазақша «қағазды бұрау, шиыршықтау» деген мағынаны білдіреді. Квиллинг техникасы ұқыптылықты, шыдамдылықты және шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді. Квиллинг жазба деректерде 1200 жылы айтылған ал, атауға 1500–1600 жылдары ие болған. Европа мен Англияда 1700–1800 жылдары әйгілі болған. Тіпті мектептерде квиллинг үшін сабақтар өткізілген. Қазір квиллинг өнері арнайы оқытылады.

Квиллинг мидың жұмысын жақсартып, жүйкені тыныштандырады. Квиллинг сабақтары арқылы шығармашылық әлеуетті дамытудың тиімділігі адамның қиялына, оның шығармашылық ойлауына байланысты көркем композицияны дамыту болып табылады.

Үшінші эбру бояуымен сурет салу өнері. Әлемде өнердің 80-нен астам түрі болса, эбру — кей деректерде ежелгі түріктерден, ал кей мәліметтерде Қытайдан бастау алған су бетіне қоспа арқылы сурет түсіру өнері. Эбру — ежелгі шығыс кескіндемесі. Су бетіне салынатын сурет — ертеден бері Шығыс халықтарының арасында дамып келе жатқан кескіндеме өнері. Судың адамды тыныштандыратын, сабырлыққа шақыратын қасиеті бар. Адамның бір сәтке болса да қарбалас өмірден, жұмыстан, қиыншылықтардан ойы бөлініп өзге күйге бөленеді.

Эбру араб тілінен «ab-gu», «бетке арналған су». Тағы бір нұсқасы шағатай сөзі «ebre» «толқын тәріздес» деген ұғымды білдіреді. Парсы тілінде «эбру» - «аспан» деген мағынаны білдіреді.

Эбру өнері XIV ғасырда Бұхара қаласында пайда болған. Бұл өнерді түрік халықтары ойлап тапқан. Алайда бұл өнер ертеректе пайда болған деген деректер бар. Эбру туралы XVII ғасырда «Tertib-i Risale-i-Ebri» көне кітап иллюстрациясы құрастырылған. 1539 жылы сұлтан сарайында Топкапы музейінде «Gay-i Sevgan» атты кітапта эбру үлгілері сақталған. Түркияда суда сурет салуда маңызды роль алатын ең атақты шеберлер — Хатип Мехмед Эфенди, Хезарфен Эдхен Эфенди, Неджметтин Окъяй, Мұстафа Дюзгюнман.

Оқушылар үшін эбру қиял мен жұмыс істеу шығармашылығының бастауы. Әрбір оқушыға өнердің бұл түрі ұнайтыны сөзсіз. Ал, үлкендер үшін бұл тек ежелгі өнер түрі ғана емес сонымен қатар қызықты техника болып табылады. Эбру — бұл түстердің биі. Түстерді араластыру арқылы таңғажайып өрнектер тудыруға болады.

Эбру – сонымен қатар оқушыларға арт-терапия. Оқушылардың денсаулықтарына пайдалы. Бірнеше минуттар ішінде бояумен жұмыс арқылы қан айналымы бір қалыпты болып, оқушылардың көңіл күйлері көтеріңкі болады.

Төртінші құм терапиясы. Құммен сурет салу (ағылш. *sand art, sand animation* — құмды өнер, құмды анимация) — бейнелеу өнерінің ерекше әрі жаңаша бағыты. Бастапқы кезеңде бұл өнер түрі мультфильмдердің, анимациялық фильмдердің сюжетін жасауда кең қолданылды. Бұл өнерде ең бастысы шыдамдылық, ептілік және шеберлік. Себебі оқушыдан тек әйнек бетіне бейнелерді түсіріп қана қоймай, құмды сезіне білу қабілеті талап етіледі.

Құммен сурет салу өнерінің тарихы ХХ ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та бастау алды.

Бүгінде еліміздің Алматы, Астана, Павлодар, Өскемен секілді қалаларында мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларға арналған құммен сурет салу өнерін үйрететін студиялар ашылууда.

Құммен сурет салудың жақсы мүмкіндіктері өмірді жақсы қырынан қабылдауға бейімдейді, есте сақтау қабілетін дамытады. Жылдамдықты сезініп, уақытпен жұмыс істеуге үйретеді. Құм бойдағы жағымсыз энергияны сіңіріп алады. Сал ауруымен ауыратын балаларға құммен сурет салуға өте пайдалы. Өйткені, саусаққа тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан қантамырларын іске қосады. Жүйке жүйесін тыныштандырып, балаға сенімділік сыйлайтыны тағы бар. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады.

Қас-қағым сәтте әйнек бетіне құммен салынған ғажап суреттерді үп еткен жел немесе болмашы қимыл әп-сәтте бұзып кетсе де, осынау нәзіктікті көрген жан әсерсіз қалмасы сөзсіз. Сурет салудың мұндай техникасында құмнан өзге жарма, кофе, тұз, басқа да ұсақ заттар қолдануға болады. Құммен сурет салу — өте қызықты, сонымен қатар пайдалы өнер. Сурет салудың басқа да түрлері секілді, аталмыш өнер адамның қиялын, кеңістікті қабылдауын, есте сақтау қабілетін дамытып, әсіресе балалардың дұрыс жетілуіне, саусақтарының епті болуына әсерін тигізеді.

Баланың ойлау қабілеттерін арттырып, шығармашылық ісәрекеттерін қалыптастыру арқылы эстетикалық мәдениетін көтеруге не жатады десек, біріншіден, оқушының әдемілік пен тұрпайылықты сезіне алуы; зұлымдық пен мейірімділікті, жексұрындық пен жақсылықты сезіне алуы жатады. Өз сезімін өзі билеп басқара білу де эстетикалық мәдениеттің белгісі болып табылады.

Құм терапиясының артықшылықтары:

- Құм терапиясы адамға терең деңгейде ашылуға, өз проблемаларын түсінуге, оларға сырттан қарауға, өзіне деген сенімділік пен шығармашылықты дамытуға мүмкіндік береді;

- Құммен өзара әрекеттесу ішкі үйлесімділік пен тыныштыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді;

- Құм шығармашылық күшті сезінуге көмектеседі. Оның көмегімен кез-келген адам өзінің әлем бейнесін ойлап тауып, елестете алады.

Бесінші декупаж техникасын қарастыратын болсақ декупажфранцуз тілінен (decoupage) яғни матаға, ыдысқа, жиһазға тапсырылатын ағаштан, теріден, матадан, қағаздан қиылған декоративті сурет. Декупаж – кез-келген затты түрлендіріп, сәндеу техникасы, негізгі затқа суреттер, ою-өрнектер, түрлі бейнелер қосып, пайда болған композицияның үстінен сырлау әдісі. Қиылған кескіндерді әр заттың бетіне жабыстырады. Бұл термин француз тілінен шыққанымен, оның отаны Шығыс Сібір болып табылады. Шығыс Сібір халықтары бұл қолөнер түрін зираттарда қолданған. XII ғасырда Қытайда таралады. Қытайлықтар қағаз қималарын терезелерді, майшамдарды, қораптарды безендіруге қолданады.

Кейінірек XV ғасырда Германия мен Италияда таралып, біртіндеп бүкіл Еуропа елдеріне танылады. XVI Людовик корольдің кезінде ең сәнді дүниелердің қатарынан табылып, қымбат бағаланған. Сатып алуға әлі келмеген кедейлер жергілікті дизайнерлердің жасаған ұсақ жиһаздарын алуға мәжбүр болған. Мария Антуанетта да ерекше көңіл бөліп өз қызметшілерін баулыған. Еуропа ақсүйектерінің үйлеріндегі жиһаздарда, картиналарда көптеп кездескен.

Бұл техникамен Қытай және Жапон стилінде мебельдерді көркемдеген. Венецияның шеберлері суреттерді кесіп жиһаздардың сыртына жабыстырған, ол ұзаққа шыдау үшін сыртын бірнеше қабат лакпен жаққан. Декупаж техникасымен жасалған жиһаздар үлкен сұранысқа ие болған.

Қазіргі заманда бұл ескі техника қайта жаңарып, сөмке, қалпак, шырша ойыншықтары, табақ, қорапша, ыдыстарға дайындалатын болды. XXI ғасырда Ресей мен біздің елімізде декупаж кең етек алды.

Декупаж қандай затқа жасалса да, адам қолының жылылығымен орындалатындықтан, қайталанбас ерекше сәнді дүние болары сөзсіз.

Арт-технологиясының негізінде шығармашылық үрдіс жатыр. Арт әдістерінің басқа түрлерін психологтар мен педагогтар жиі қолданады.

Болашақ мамандарға кішкентай адамның қарым-қатынас мәселелерін болдырмау, жеке тұлғаның шығармашылық бастамасын дамыту, оқушылардың білімге деген құштарлығын қанағаттандыру үшін арт-технологияларын қолданудың тиімділігіне көз жеткіздік.

